

## Аудан көлемінде елді мекендердің жерлеріне (үй іргесіндегі жер участелерін қоспағанда) салынатын жер салық ставкалары туралы

### ***Күшін жойған***

Оңтүстік Қазақстан облысы Тұлкібас аудандық мәслихатының 2009 жылғы 31 наурыздағы N 17/7-04 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Тұлкібас ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 27 сәуірде N 14-14-74 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Тұлкібас аудандық мәслихатының 2012 жылғы 5 қарашадағы N 9/9-05 Шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Тұлкібас аудандық мәслихатының 2012.11.05 № 9/9-05 Шешімімен.**

**" Р Қ А О                    е ск е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған".**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексінің (Салық кодексі) 381-бабына, 387-бабының 1-тармағына, 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15-тармақшасына және Тұлкібас аудандық мәслихаттың 2003 жылғы 29 қазандығы "Тұлкібас ауданындағы жерлерді өнірлерге бөлу жобасын (схемасын) бекіту туралы" шешімімен бекітілген жерлерді өнірлерге бөлу жобасына (схемасына) сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІТІ:**

1. Автотұрақтарға (паркингтерге), автомобилге май құю станцияларына және казиноға бөлінген (бөліп шығарылған) жерлерді қоспағанда, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 381-бабында белгіленген жер салығының базалық ставкалары 50 п а й ы з ғ а ж оғ а р ы л а т ы л с ы н .

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Тұлкібас аудандық мәслихатының 2010.12.22 N 37/11-04 (2011 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады) Шешімімен.**

2. Осы шешім ресми жарияланғаннан күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы С. Қасымбек**

**Аудандық мәслихаттың хатшысы С. Қалдықөзов**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК